

"Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 628 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А.Мамин

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№ р/н	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
I. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму				
1.	"Қарапайым заттар экономикасы" және "Бизнестің жол картасы" бағдарламаларын 2022 жылы кемінде 1 трлн теңге сомасында қаржыландыруды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҰБ	2021 жылғы желтоқсан
2.	Бюджет кірістерін ұлғайту бойынша шаралар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қараша
3.	Мемлекеттік шығыстардың тиімділігіне және Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттерге бақылауды күшейту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰБ, ЕК, ҚМА, СЖҚА	2021 жылғы қазан
4.	2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қолдану үшін контрциклдық бюджеттік қағиданы енгізуге бағытталған	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, ҰБ	

	заңнамалық түзетулерді қабылдау			2021 жылғы желтоқсан
5.	Мемлекеттік борышты, Ұлттық қорды, бюджет саясатын басқару жөніндегі қағидалар жинағын көздейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	Үкімет, ҰБ, СЖРА, ЕК, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы желтоқсан
6.	2022 жылы инфляцияның 4-6% нысаналы дәлізіне қол жеткізе отырып, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Үкімет	2022 жылғы шілде, желтоқсан
7.	Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарлары (аралықты қоса алғанда) бағасының қолжетімділігін және олардың көлемінің жеткілікті болуын қамтамасыз ету бойынша шешімдер әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы қыркүйек
8.	Уәкілетті мемлекеттік органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының ("Қазгеоақпарат" РГАО" ЖШС және "Қазгеология" ҰКГ" АҚ) базасында геологиялық ақпаратқа ашық қол жеткізу, Минералдық ресурстардың ұлттық деректер банкін пайдалану арқылы инвесторларға	Қазақстан Республикасы		2021 жылғы желтоқсан

	кешенді сервистік қолдау көрсету бойынша, геология саласындағы Қазақстан Республикасының ғылыми мекемелерімен бірлесіп геологиялық ақпаратты қорыту, жүйелеу және талдау бойынша функциялары бар Ұлттық геологиялық қызметті құру	Үкіметінің қаулысы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	
9.	Инвесторлардың ашық қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, барлық бастапқы және қайталама құжаттардың жүйеленген электрондық көшірмелері негізінде (бастапқы кезеңде) геологиялық ақпараттың ашық цифрлық дерекқорын құру (Минералдық ресурстардың ұлттық деректер банкі енгізу)	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы шілде
10.	Committee for Mineral Reserves International Reporting Standards (CRIRSCO) шаблоны бойынша пайдалы қатты қазбалардың ресурстары мен қорлары бойынша есептілік стандарттарының халықаралық жүйесін және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы	Президент Әкімшілігіне ақпарат		2022 жылғы шілде

	бойынша жер қойнауын пайдалануға лицензиялар беру бойынша бірінші өтінім қағидатын енгізу		Үкімет	
11.	Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге, оның ішінде рәсімдерді цифрландыру және минералдық ресурстардың ұлттық деректер банкі шеңберінде өтінімдердің келіп түскен уақыты, оларды қарау, бас тарту туралы мәліметтерге және Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы заңнамасында көзделген басқа да ақпаратқа ашық қол жеткізуді ұсыну арқылы бақылауды күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, СЖҚА, ҚМА	2022 жылғы шілде
12.	Шығынданған ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың тиімділігіне олардың басшыларының жауапкершілігін қарастырып, себептеріне түсінік берумен және жалпы қағидаларды қабылдаумен талдау жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ЕК, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ	2022 жылғы қаңтар
13.	Микро- және шағын бизнесті, әсіресе ауылда кредиттеу үшін микроқаржы ұйымдарының әлеуетін кеңейту мәселесі бойынша	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҚНРДА, ҰБ, АШМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы ақпан

	шешімдер топтамасын дайындау			
14.	Стресстік активтер нарығын дамытуды ынталандыратын, оның ішінде бұғатталып тұрған кепіл активтерді тек қана нарықтық негізде экономикалық айналымға қайтаруды жандандыруға бағытталған заңнамалық шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	ҚНРДА, Үкімет, ҰБ, АХҚО (келісім бойынша)	2021 жылғы желтоқсан
15.	Көтерме-тарату орталықтарының құрылып жатқан желісіне ұсақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (жеке қосалқы шаруашылықтарды қоса алғанда) қолжетімді болуын қамтамасыз ететін, оның ішінде делдалдарды болдырмауды көздейтін тетікті әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қараша
16.	Мына мәселелерге: "өндірушіден тұтынушыға дейін" тізбегі бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына бірыңғай мониторингі және бақылауды қамтамасыз етуге; әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны ұстап тұруға жауапты мемлекеттік органды (оның	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БҚДА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент	2021 жылғы 1 қазан

	басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл регламентін бекіте отырып) айқындау		қалаларының және облыстардың әкімдері	
17.	М а л шаруашылығындағы жағдайды жақсарту жөнінде жүйелі шараларды көздейтін жол картасын әзірлеу және қабылдау, оның ішінде: ж е м - ш ө п дақылдарын өсіру алаңын кеңейту; ауыспалы егістің сақталуын бақылауды күшейту; ғ а р ы ш т ы қ мониторингтеу мен жерді қашықтықтан з о н д т а у мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану; жайылымдарды пайдаланудың тиімділігін арттыру; жеке қосалқы шаруашылықтардың малдарын жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
18.	Жеке қосалқы шаруашылықтардың мәртебесі мен оларды қолдау құралдарын да регламенттейтін " Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
	Ветеринария жүйесін реформалау бойынша нақты шаралар қабылдау, оның ішінде мыналарды қамтитын:			

19.	орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін айқын ажырату; процестерді цифрландыру, деректерді жинау мен беруді автоматтандыруды, сондай-ақ кадрларды даярлау және мал дәрігерлерінің жалақысын арттыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
20.	Агроөнеркәсіп кешенін дамыту тұжырымдамасы шеңберінде ауыл шаруашылығында субсидиялау тетіктерін қайта қарау және ұзақ мерзімді негізде бекіту, оның ішінде: мемлекеттің өнеркәсіптік саясатымен өзара байланыстыруды; субсидиялау тәртібі мен тетіктерінің ашықтығын қамтамасыз ету, оларды шағын және орта шаруашылықтарға қолжетімділігі тұрғысынан өзгертуді; нормативтік базаны нығайтуды, тиімді жоспарлау және мониторингтеу жүйесін енгізуді; ауыл шаруашылығын технологиялық қайта жабдықтауды ынталандыру құралдарын қамту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА, БП, ҚМА, СЖҚА, "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ	2021 жылғы желтоқсан
	Цифрландыру жөніндегі ұлттық			

21.	жоба шеңберінде кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маманды даярлау , сондай-ақ 2025 жылға қарай цифрлық саладағы қызметтер мен тауарлар экспортын 500 млн АҚШ долларына дейін ұлғайту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА	2021 жылғы желтоқсан
22.	Тек қана қазақстандық " мемтех"-тың (G-Tech) жаңа платформасы базасында " Цифрлық үкіметтің" қағидатты түрде ж а ң а архитектурасын құру, ол мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың ақпараттық жүйелерін толық интеграциялауды және олардың қайталануын, тиімсіз шығындар мен бюрократияны азайтуды, мемлекет ұсынатын барлық сервистерді көшіруді, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің смартфондардан 1 0 0 % қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздейді	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, МҚІА, ҰҚК	2022 жылғы қаңтар, желтоқсан
23.	Отандық бағдарламалық қамтылым әзірлемелері мен электрондық өнеркәсіп өнімдерін барынша пайдалану үшін ұлттық	Президент Әкімшілігіне	Үкімет, Самұрық-Қазына"	2022 жылғы мамыр

	компаниялардың ІТ-қоғамдастықпен жүйелі өзара іс-қимыл тетігін күру	ақпарат	ҰӘҚ" АҚ, " Бәйтерек" ҰБХ" АҚ	
24.	Барлық мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін реинжинирингтеу бойынша өкілеттіктер бере отырып, Цифрлық трансформация орталығын толыққанды іске қосу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
25.	Қазақстан Республикасының Еуразия өңірінің елеулі бөлігінде өңірлік цифрлық хаб ретінде қалыптасуы жөніндегі жол қартасын әзірлеу, онда: халықаралық дәліздермен және трансшекаралық ағындармен ұштастыра отырып, деректер беру арналарын кезең-кезеңімен кеңейтуді; к ө р ш і мемлекеттерге қызмет көрсету мақсатында деректерді өңдеу орталығының әлеуетін ескеру	Жол қартасы	Үкімет, ҰҚК	2021 жылғы желтоқсан
26.	Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және мемлекеттік органдардың оны іске асырудағы іс-қимыл жоспарларын нақтылауды сыртқы тәуекелдерді модельдеу,	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, ҰҚК	

	стресс-тест өткізу, сыртқы			2022 жылғы шілде, желтоқсан
	агрессияға тойтарыс беру жөніндегі іс-қимылдардың әртүрлі сценарийлерін мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ойнату нәтижелері негізінде жыл сайын жүргізу			
27.	Әскери басқару жүйесіне автоматтандыру құралдарын енгізу және басқа мемлекеттік органдардың байланыс және басқару жүйелерімен интеграциялау есебінен қауіп-қатерлерге ден қоюдың жеделдігін арттыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, ҰҚК	2022 жылғы шілде, желтоқсан
28.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының құрылысы мен дамуының жаңа тұжырымдамасында айқындалған нақтыланған басымдықтарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет,	2021 жылғы қараша

	қаруландырудың және қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын жаңартып іске қосу бойынша ұсыныстар енгізу		СЖРА, ҰҚК	
II. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру				
29.	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды сатып алуды жеделдету (оның ішінде бустерлік вакциналауға арналған вакциналарды сатып алу мәселесін пысықтау)	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
30.	Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты вакциналауға әзірлігін қамтамасыз ету (вакциналардың дұрыс сақталуын және тасымалдануын бақылау мәселелерін қоса алғанда) және Ұлттық профилактикалық егулер күнтізбесін орындау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
31.	Елдің биоқауіпсіздігін болжаудың ұлттық жүйесін құру да көзделген "Биологиялық қауіпсіздік туралы" Заңның қабылдануын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы маусым
	"Дені сау ұлт" ұлттық жобасы шеңберінде кемінде			

32.	1 2 санитариялық-эпидемиологиялық сараптама зертханасын жоғары технологиялық жабдықпен жарақтандыруды, бұл зертханалардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін 90 %-ға дейін арттыруды, сондай-ақ 2025 жылы дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың отандық өндірісінің үлесін 17%-дан 50 %-ға дейін арттыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА	2021 жылғы желтоқсан
33.	Медициналық бұйымдарды зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін, халықаралық стандарттар бойынша аккредиттелген орталықты Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығының базасында құру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы шілде, 2023 жылғы желтоқсан
34.	Технологиялар трансфертін және жаңа әзірлемелерді қамтамасыз ету үшін инвестициялар тарту мақсатында жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА	2021-2022 жылдар желтоқсан
35.	Отандық тауар өндірушілермен жасалатын	Президент Әкімшілігіне	Үкімет	2022-2023

	офтейк-келісімшарттарының көлемі мен өнім түрін көбейту	ақпарат		жылдар қаңтар
36.	Қолданыстағы спорттық инфрақұрылымды және оған қосымша қажеттіліктерді талдау негізінде жаңа объектілер салуды, жұмыс істеп тұрған (оның ішінде білім беру орындарының базасындағы) объектілерді реконструкциялауды, жаңғыртуды және жете жарақтандыруды қамтитын спорттық инфрақұрылымды дамытудың график-жоспарын бекіту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қаңтар
37.	Кәсіпқой спортты басқару жүйесін қайта қарау жөнінде ұсыныстар тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2021 жылғы қазан
III. Сапалы білім беру				
38.	Кадрлар даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын жаңа жағдайларға бейімдеу: жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларын жаңарту; "Білім туралы" Заңға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларын алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Үкімет	2022 жылғы қаңтар, қыркүйек 2021 жылғы желтоқсан

39.	Қашықтан оқыту форматтары үшін ақпараттық жүйелердің сапасын жақсарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы наурыз, қыркүйек
40.	Балаларға бағдарламалау дағдыларын үйрену үшін ваучерлер бөлу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қыркүйек
41.	Заңнамалық өзгерістер енгізу, олар мыналарға бағытталады: дарынды балаларға (жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық пәндік олимпиадалардың, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне) конкурсқа қатыспай жоғары оқу орнына түсу үшін гранттар беру; халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне бір реттік ақшалай сыйлықақы беру (1500 АЕК); дарынды балаларды тәрбиелеген педагогтерді, жаттықтырушыларды моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандыру; ұстаздардың курстардан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол бермей, педагогтерді үш жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан 2022 жылғы маусым

42.	Тұрмысы төмен отбасындағы балаларға арналған "Цифрлық ұстаз" жобасын іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы сәуір, желтоқсан
43.	2025 жылдың соңына дейін кемінде 1000 мектеп салу, оның ішінде құрылысты ғана емес, сапалы оқу процесін тікелей ұйымдастыруды да көздейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы салу	Жол картасы	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2021 жылғы желтоқсан
44.	Толық жинақты ауыл мектептерін жан басына шаққандағы қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2023-2025 жылдар қаңтар
45.	Болашақ кәсібін саналы түрде тандауы үшін балаларды ерте жастан мамандықта бейімдеу жүйесін енгізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, "Атамекен" ҰҚП (келісім бойынша)	2022 жылғы наурыз
46.	Сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік білім берумен жүз пайыз қамту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022-2025 жылдар қаңтар
47.	Экономиканың нақты секторы үшін даярлау мақсатында мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың азаматтық мамандықтарға ұқсас әскери-есептік мамандықтары бойынша ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰҚК	2021 жылғы қараша
	Заңнамалық актілерге:			

48.	жоғарғы оқу орындары үшін лицензиялардың қолданылу мерзімін енгізу; лицензияларды автоматты түрде қайта ресімдеудің күшін жою (біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру); ; жоғарғы оқу орындарын лицензиядан айыру функциясын уәкілетті органға беру; жоғарғы оқу орны жабылған жағдайда, білім алушыларды ауыстыру жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін құрылтайшылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу көзделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жоғарғы оқу орындарының білім беру сапасы үшін жауапкершілігін күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы желтоқсан 2022 жылғы маусым
	Кейбір заңнамалық актілерге ғылым мәселелері бойынша: жетекші ғалымдардың жалақысын базалық қаржыландыруға қосуды (оларды анықтаудың айқын тетігін әзірлеп); і р г е л і зерттеулермен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын			

49.	тікелей қаржыландыруды енгізуді (осындай ғылыми ұйымдарды іріктеу мен қаржыландырудың айқын қағидаларын әзірлей отырып); гранттық қаржыландыру мерзімін 5 жылға дейін ұлғайтуды; Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерін апелляцияға беру институтын енгізуді кездейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2021 жылғы 7 қазан 2021 жылғы желтоқсан
IV. Өңірлік саясатты жетілдіру				
50.	Білік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алу үшін тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізуді көздейтін, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру бойынша ұсыныстар топтамасын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЕК, Үкімет, МҚІА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қаңтар
51.	Бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарына және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА, Нұр-Сұлтан,	2022 жылғы қаңтар
	Ұлттық даму жоспарына сәйкес облыстардың, Нұрсұлтан, Алматы және Шымкент			

	қалаларының даму жоспарларын жаңарту, сондай-ақ әрбір өңір үшін инфрақұрылымдық даму жоспарларын бекіту		Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	
52.	Б ю д ж е т заңнамасына "бөлшектенген" бюджетті енгізуге бағытталған түзетулер топтамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, ЕК, СЖРА	2022 жылғы маусым
	Заңға тәуелді актілерге бюджеттік процестерді жеңілдетуге, бюрократияны барынша азайтуға, бюджетті жоспарлау мен атқарудың цифрлық құралдарын қолдануды кеңейтуге, жан басына шаққанда қаржыландыру тетігін кеңінен қолдануға, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізуге бағытталған түзетулер топтамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, мүдделі мемлекеттік органдардың бұйрықтары	Үкімет, ЕК, СЖРА	2021 жылғы желтоқсан
	Заңнамаға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыруға бағытталған түзетулер топтамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
53.	Құрылыс объектілерінің сметалық құнын үнемі артық көрсетуге жол бермеу мақсатында Қолданыстағы нормативтік база	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет,	2021 жылғы қараша

	мен тәжірибені түбегейлі қайта қарау жөніндегі жол картасының жобасын әзірлеу		ЕК, ҚМА, СЖҚА, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	
54.	Өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру бойынша ұсыныстар топтамасын дайындау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, СЖРА	2021 жылғы желтоқсан
55.	Агломерацияларды дамыту туралы заңның жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, СЖРА, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қыркүйек
56.	Халықаралық тәжірибені ескере отырып, халықтың жайлы тұруы үшін қалалардың кешенді құрылысының жаңа стандарттарын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы мамыр, желтоқсан
57.	Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес болашағы бар ауылдарды дамытуды көздейтін "адамдар - инфрақұрылымға" қағидатын бекіте отырып, Қазақстан Республикасының Аумақтық даму жоспарын қабылдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет, СЖРА	2021 жылғы желтоқсан
58.	Монокалалардағы тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыру жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, облыстардың әкімдері	2021 жылғы қыркүйек
59.	Жергілікті бюджеттердің абаттандыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағдарламаларына "халық қатысатын"	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент	2021 жылғы қараша

	бюджетті 10 есе ұлғайту (5 %-дан кем болмайтын деңгейге дейін жеткізе отырып)		қалаларының және облыстардың әкімдері	
60.	Жергілікті бюджеттердің абаттандыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бағдарламаларында "халық катысатын" бюджетті бекіту процесінің ашықтығын арттырып, сондай-ақ әкімшілік - аумақтық бірліктердің басқа деңгейлеріне тарата отырып оңтайландыру	Президент Әкімшілігіне	Үкімет, Нұр-Сұлтан,	2022 жылғы наурыз
		ақпарат	Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	
61.	Мына ауқымды жобаларды іске асыру бойынша жол карталарын қабылдау: Алматыдағы ЖЭО-2 алаңында булы газ қондырғысын салу; ЖЭО-3 жаңғырту және ЖЭО-1 кеңейту; Түркістан облысында қуаты 1000 МВт және оңтүстік өңірде (оның ішінде Талдықорған және Қызылорда қалаларында) өзге қуатты булы газ қондырғысын салу; Алматы қаласы мен Алматы облысында кәбіл желілерін реконструкциялау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Самұрық-Қазына" ҮӘҚ" АҚ	" 2021 жылғы қараша
62.	Стратегиялық инвесторлармен бірлесіп кемінде 2400 МВт жаңартылатын қуат	Президент Әкімшілігіне		2021-2025 жылдар желтоқсан

	көздерін елдің түрлі өңірлерінде іске қосу	ақпарат	Үкімет, Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	"
63.	Мейлінше ластанған 10 қаланы газға және баламалы қуат көздеріне көшіру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021-2025 жылдар желтоқсан
64.	Қашаған кен орнында газ өңдеу зауытын салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	" 2021-2023 жылдар желтоқсан
65.	"Мақат - Солтүстік Кавказ" магистралды газ құбырының лупингін салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	" 2021-2026 жылдар желтоқсан
66.	"Бейнеу - Жаңаөзен" магистралды газ құбырын жаңғырту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	2021-2025 жылдар желтоқсан
67.	Маңғыстау облысы Кендірлі кентінде су тұщытатын зауыт салу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021-2024 жылдар желтоқсан
68.	Су үнемдеу технологияларын енгізуді ынталандыру және цифрландыру негізінде су тұтынуды тиімді реттеу бойынша нақты шаралар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қараша
69.	"Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы аясында 120 каналды реконструкциялауды, сондай-ақ Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында 9 су қоймасын салуды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
	Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы ("Қуатты өңірлер - елдің			

70.	драйвері") шеңберінде, оның ішінде "Астрахань - Маңғыстау" магистралды су құбырын жаңғырту арқылы 5 жыл ішінде барлық қалалар мен ауылдарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
71.	Инженерлік саланы дамытуды және отандық білікті кадрларды, оның ішінде атом саласындағы инженерлерді даярлауды ескере отырып, Қазақстанда қауіпсіз атом мен сутегі энергетикасын дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ	2022 жылғы маусым
V. Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру				
72.	Біліктілікті тану, жұмыскерлерді құзыретін жетілдіруге ынталандыру мәселелерін реттеуге бағытталған "Кәсіби біліктіліктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, СЖРА, МҚІА	2022 жылғы тамыз
73.	Жұмыспен қамтудың жаңа нысандарын (әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамсыздандыру, салық салу), оның ішінде интернет-платформалар негізінде жүзеге	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, СЖРА	2022 жылғы ақпан

	асырылатындарын реттеудің тетігін әзірлеу			
74.	Қазақстан Республикасының шетелде жұмыс істейтін азаматтарының құқықтарын қорғау тетіктерін де көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, СЖРА, ҰҚК	2022 жылғы наурыз
75.	Шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде: елдің оңтүстігінен солтүстігіне қоныс аударатын азаматтарға жәрдемақылар бөлудің қолданыстағы тетігін қайта форматтауды, жәрдемақыларды тек әкімдіктер арқылы ғана емес, сол сияқты оңтүстік өңірлерден жұмыскерлерді өз бетінше жалдайтын ж ұ м ы с берушілердің шығыстарын өтеу жолымен де беруді; өзінің жеке бизнесімен айналысқысы келетін қоныс аударушыларға үй салу үшін ғана емес, сол сияқты мемлекеттік қолдау шараларына неғұрлым кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, ауыл	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар		2022 жылғы ақпан

	шаруашылығы қызметін жүргізу үшін де жер учаскелерін беру мүмкіндігін көздеу		Үкімет	
76.	Халық арасында патерналистік көңіл-күй мен әлеуметтік масылдықты төмендетуге бағытталған ақпараттық жұмысты күшейту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	медиажоспар	Үкімет	2021 жылғы қараша
77.	Әзірленіп жатқан Әлеуметтік кодекске патерналистік және масылдық ұстанымдарды әлеуметтік саясатта қолдануды азайтуға бағытталған тетіктерді енгізу	Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан
VI. Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау				
78.	Гранттық қаржыландыру жүйесін бейімдеу және оларды алудың оңайлатылған режимін енгізу арқылы ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың сұраныстарын ескеру және ауылда әлеуметтік белсенділікке серпін беру үшін ауылдық жерлерде азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тетігін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
	Қазақстан Республикасының заңнамасына аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің тікелей	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы		

79.	сайлауын, оның ішінде пилоттық режимде өткізу үшін қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет, ОСК	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы маусым
80.	Депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны міндетті есепке алу туралы норманы бекіту, сондай-ақ әйелдер мен жастардан басқа, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін де квота белгілеп, квота берілетін азаматтар санаттарының тізбесін кеңейту мақсатында заңнамаға өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
81.	Қылмыстық кодекстің нормаларын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Екінші факультативтік Хаттамасының ережелерімен үйлестіру	Қазақстан Республикасының Заңы	БП, Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
82.	Әйелдердің қоғамдағы құқықтарын және мүмкіндіктерін қолдау мен ілгерілету бөлігінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет	2022 жылғы наурыз
	Қылмыстық істер бойынша			

83.	прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін кезең-кезеңімен кеңейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	БП, Үкімет	2021 жылғы 7 қазан 2021 жылғы желтоқсан
84.	Полицияның сервистік моделінің ауқымын кеңейтуге жергілікті мемлекеттік басқару органдарын тарту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы шілде, желтоқсан
85.	Алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	БП, ІІМ, ҰҚК, СЖҚА, ҚНРДА, ҚМА, ҰБ, АҚДМ, ЦДИАӨМ	2021 жылғы қараша
86.	Кәмелетке толмағандардың, әсіресе ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарды болғызбау және жолын кесу жөніндегі жұмысты күшейту	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП, Үкімет, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл	2021 жылғы желтоқсан, 2022 жылғы шілде, желтоқсан
87.	Есірткіні, оның ішінде синтетикалық есірткіні, әсіресе жастар арасында жеткізу, өндіру және өткізу арналарын уақтылы анықтауға және жолын кесуге күш-жігерді жұмылдыра отырып, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі ұйымдастыру-практикалық шаралар кешенін қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, ҰҚК	2022 жылғы қаңтар
	"Тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты" қоса			

88.	алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес бойынша орта мерзімді кезеңге арналған іс-қимыл бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге енгізу	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	СЖҚА, БП, СЖРА, Қаржымині	2021 жылғы 15 желтоқсанға дейін
89.	Құқық қорғаушылар, оның ішінде адвокаттар қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу жөнінде шаралар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, БП	2021 жылғы желтоқсан
VII. Ұлттың ұйысуы - одан әрі дамудың басты факторы				
90.	Жаңа мәдениетті және оның талантты өкілдерін ілгерілетуге бағытталған іс жүзіндегі шаралар жоспарын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
91.	Креативті индустрияны қолдау қорын құруды пысықтау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
92.	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің тиісті құжаттарының шеңберінде отаншылдықты, білімге құштарлықты, еңбексүйгіштікті, бірлік пен жауапкершілікті дәріптейтін шараларды тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қазан
	Тіл, ұлттық немесе нәсілдік белгілері бойынша			

93.	радикализмнің, кемсітушіліктің, ар-намысы мен абыройын қорлаудың кез келген нысандарының алдын алу мен жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, БП, ҰҚК	2022 жылғы қаңтар, шілде
94.	Қоғамда өркениетті диалог пен өзара құрмет, азаматтық қатысу мәдениетін, сондай-ақ ішкі ынтымақ пен бірліктің негізінде жатқан прогрессивті құндылықтарды нығайтуға зиялы қауымды тарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы қаңтар, шілде
Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамалар				
95.	Заңнамаға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 60 мың теңгеге дейін ұлғайтуды көздейтін өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2021 жылғы 7 қазан 2021 жылғы желтоқсан
96.	Заңнамаға 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны салық, әлеуметтік және басқа да салалардың есептік көрсеткіші ретінде пайдалануды болдырмауды көздейтін өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2021 жылғы 7 қазан 2021 жылғы желтоқсан
	Жұмыскерлерінің жалақысын ұлғайтуға бизнесті ынталандырудың қосымша "жұмсақ" шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде реттелетін			

97.	сатып алу шеңберінде жеңілдіктерді, сондай-ақ жалақыны көбейтетін кәсіпорындардың мемлекеттік қолдауға басым қол жеткізуін көздеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2021 жылғы қараша
98.	Микро- және шағын кәсіпкерлік үшін еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлемді жинау және аудару тетігін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ҰБ	2021 жылғы желтоқсан
99.	Микро- және шағын кәсіпкерлік үшін жиынтық жүктемені 34%-дан 25%-ға дейін төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуді көздейтін заңнамалық түзетулерді қабылдау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы маусым
100.	Микро- және шағын кәсіпкерлік үшін еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізу шеңберінде төлемдерді қабылдау және өңдеу үшін қаржы және өзге де ұйымдардың төлем және ақпараттық жүйелерін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ҰБ, Үкімет, "Атамекен" ҰКП (келісім бойынша)	2022 жылғы мамыр, желтоқсан
101.	Азаматтық қызметшілердің (мәдениет, архив ісі ұйымдары жұмыскерлері, оның ішінде техникалық персонал және басқалары) жекелеген	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет	

	санаттарына 2022-2025 жылдар аралығында орташа есеппен жыл сайын 20%-ға жалақыны арттыру			2021 жылғы желтоқсан
102.	"Отбасы банк" АҚ - ны бағдарламаның әкімшісі ретінде айқындай отырып ("бір терезе" қағидаты бойынша), оның ішінде тұрғын үйді есепке алу және азаматтар арасында бөлу жөніндегі ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететіндей біртұтас тұрғын үй бағдарламасын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2021 жылғы желтоқсан
103.	Азаматтарға зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткілікті шегінен асатын бөлігін "Отбасы банк" АҚ-дағы шоттарға кейін тұрғын үй сатып алу мақсатында жинау үшін аударуға құқық беру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет	2022 жылғы қаңтар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ - "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы

"Отбасы банк" АҚ - "Отбасы банк" акционерлік қоғамы

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ - "Самұрық Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы

МҚІА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

БҚДА - Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

СЖҚА - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

ҚНРДА - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

СЖРА - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

ҚМА - Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ИМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
АҚДМ - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
АХҚО - "Астана" халықаралық қаржы орталығы әкімшілігі" акционерлік қоғамы
ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰКП "Атамекен" - "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ЕК - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
Бала құқықтары жөніндегі уәкіл - Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл
ОСК - Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы